

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1123 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 1 шілдедегі № 769 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1123 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30766 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларында:

3-тармақта:

1) тармақша мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді есепке алу;"

4) тармақша мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді ауыстыру және тағайындау, қызметтен шығару және келісімшарт жасау кезінде құжаттарын ресімдеу;"
;

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамының келісімшарт бойынша әскери қызметшілеріне, сондай-ақ азаматтық персонал адамдарына (жұмыскерлерге) қатысты – қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамындағы лауазымда келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді (бұдан әрі – келісімшарт бойынша әскери қызметшілер), сондай-ақ азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) іріктеуді және орналастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ) құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – ҚР ҚМ кадр органы);" ;

27-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"27. ҚР ҚМ және ҚР ҚК БШ құрылымдық бөлімшелерінде жеке құрамды есепке алу осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке құрамның шығысы туралы мәліметтерде жүргізіледі. Қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерінің, сондай-ақ азаматтық персонал

адамдарының (жұмыскерлердің) жеке ісі, сондай-ақ жеке құрамды есепке алу құжаттары ҚР ҚМ кадр жұмысы органында жүргізіледі.";

бесінші бөліктің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әскери қызметшілер үшін – нұсқама, лауазымға тағайындалғаны туралы (жеке құрам бойынша) бұйрықтан үзінді, іс пен лауазымды қабылдау туралы баянат (келуі туралы баянат);";

мынадай мазмұндағы 78-1-тармақпен толықтырылсын:

"78-1. Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерді есепке алуды жүргізу штат, әскери басқару органы, әскери бөлім (мекеме) бойынша бұйрық, жеке құрам бойынша бұйрық негізінде, осы Қағидаларда көзделген әскери бөлімде (мекемеде) жеке құрамды есепке алу тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер үшін әскери бөлімнің (мекеменің) тізіміне жеке құрамды қабылдау туралы бұйрық шығару үшін жауынгерлік даярлық бойынша сабақтар немесе жиындар, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындар өткізу кестесі және жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарға немесе жиындарға, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарға келуі туралы әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығынан үзінді негіз болып табылады.

Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілер әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарды немесе жиындарды, дағдарыстық ахуалдар кезіндегі жиындарды аяқтау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап не резервтегі әскери қызметтен шығарылуына байланысты әскери бөлім (мекеме) тізімінен алып тасталған күннен бастап әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен алып тасталады.";

95-тармақтың 10) тармақшасында:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Белгіленген қызмет мерзімін өткерген қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамының лауазымындағы әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге іссапарға жіберген кезде олардың ауыстыру бойынша іссапарға жіберілгені көрсетіледі.";

оныншы бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қатардағы жауынгер, сержант пен офицер құрамы лауазымындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерді әскери басқару органы мен жеке әскери бөлімдерден тыс жерге жаңа қызмет орнына тағайындау;"

98-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жеке басты куәландыратын құжаттардың, некеге тұру (оны бұзу) туралы куәлігінің, балаларының тууы туралы куәлігінің (асырап алғанын растайтын құжаттардың), қосымшасымен бірге орта және жоғары әскери және азаматтық оқу

орындарын бітіргені туралы, сондай-ақ қосымшасымен бірге ғылыми атақ пен дәреже беру туралы диплом мен аттестатының, біліктілікті арттыру курсынан өткені туралы құжаттардың, еңбек кітапшасының (бар болғанда) көшірмесі;"

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Келісімшарт бойынша әскери қызметке жаңадан шақырылған сержант пен қатардағы жауынгер құрамына, сондай-ақ әскери билеті жоғалған немесе жарамсыз болған әскери қызметшілерге әскери билетті әскери бөлімнің (мекеменің) персоналмен жұмыс органы (жасақтау бөлімшесі) береді.

Әскери бөлім (мекеме) әскери билет бланкілерін алу үшін өзі орналасқан жері бойынша ЖӘБО-ға:

әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қолдаухатын;

есептік-қызметтік карточканың, әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығынан үзіндінің және жеке басын куәландыратын құжаттың расталған көшірмесін;

әскери қызметшінің жасына сәйкес келетін және ашық негізде міндетті түрде алдынан түсірілген, бет-бейнесі фотосуреттің жалпы көлемінің шамамен жетпіс пайызын қамтуға тиіс, өлшемі 30x40 миллиметр фотосуретті қоса беріп, өтінім жібереді.

ЖӘБО өтінімді алғаннан кейін әскери билет берудің заңдылығын (негізділігін) тексереді, оған фотосуретті жапсырып, тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда) толтырады және әскери бөлімге (мекемеге) жібереді.

Егер жоғалған әскери билет жаңа құжат берілгенге дейін табылған жағдайда, онда олар әскери қызметшіге қайтарылады. Бұл ретте оған жаңа әскери билет берілмейді, толтырылған әскери билет жою үшін ЖӘБО-ға қайтарылады. Егер жоғалған құжат әскери бөлімге (мекемеге) жаңа әскери билет берілгеннен кейін түссе, онда табылған құжат жойылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның әскери билеті үкім заңды күшіне енгеннен кейін әскерге шақырылған орны бойынша ЖӘБО-ға жіберіледі.";

209-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"209. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні отбасы жағдайы бойынша запасқа мерзімінен бұрын шығару ЖӘБО жүргізген әскери қызметші отбасының отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру актісі негізінде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жүргізіледі.";

213-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) штаттық лауазымға тағайындау (оның ішінде лауазым атауының әскери-есептік мамандығының, штаттық-лауазымдық санатының өзгеруі), қызметі бойынша ауысу, сондай-ақ өкімге қабылдау, офицер құрамының лауазымына қатардағы жауынгер мен

сержант құрамында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді, азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) уақытша тағайындау (босату);";

222-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"222. Жеке құрам бойынша бұйрықтан үзіндіні тарату бұйрыққа қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Жеке құрам бойынша бұйрықтан үзіндіні тарату есебі тек бірінші данада жасалады.";

Қағидаларға 75-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың деректемелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 7-тармағының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) қол қойылған күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) тармақшасының орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты

Д. Қосанов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2025 жылғы 1 шілдедегі
№ 769 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің жеке
құрамын есепке алу
қағидаларына
75-қосымша

Ұйымдық-штаттық іс-шаралар бойынша бірнеше әскери қызметшілерді лауазымнан босату және тағайындау туралы

"Ұйымдық-штаттық іс-шаралар жүргізу және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 10 тамыздағы № 0/00/0/000 бұйрығына сәйкес төменде аттары аталған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадет корпусының офицерлері атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:

1. Подполковник Аслан Жармұхамбетұлы ӘШІМОВ, Кадет корпусы бастығының орынбасары (материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі) – материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы – ӘСКЕРИ КОЛЛЕДЖ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ (МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ) – МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ БОЛЫП, ӘЕМ-0000000, 0000000

А-0000000;

тең лауазымға тағайындалады;

2021 ж. 08.09. кір. 0000.

2. Подполковник Андрей Борисович ГОРШКОВ, Кадет корпусы бастығының орынбасары – оқу-жаттығу орталығының бастығы – БАСТЫҚТЫҢ ОРЫНБАСАРЫ (ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСТЫҒЫ) БОЛЫП, ӘЕМ-0000000

У-0000000;

тең лауазымға тағайындалады;

2021 ж. 08.09. кір. 0000.

Ұйымдық-штаттық іс-шара бойынша бір әскери қызметшіні лауазымнан босату және тағайындау туралы

1. Әскер тегінің бастығы – 0-ші механикаландырылған бригаданың артиллерия бастығы подполковник Нариман Төлегенұлы ШУАТАЕВ "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде ұйымдық-штаттық іс-шаралар жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 0/00/0/00 бұйрығына сәйкес атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және БРИГАДА КОМАНДИРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ (ОҚ АТУМЕН ЗАҚЫМДАУ ЖӨНІНДЕГІ) – 0-ШІ МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН БРИГАДАНЫҢ АРТИЛЛЕРИЯ БӨЛІМІ БАСТЫҒЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛСЫН, ӘЕМ-0000000

А-0000000;

жоғарғы лауазымға тағайындалады;

2021 ж. 22.07. кір. 0000.

Бірнеше әскери қызметшіні лауазымнан босату және тағайындау туралы

Төменде аттары аталған офицерлер атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:

1. Подполковник Сержан Жарылқасынұлы ӘЙТЕНОВ, әскер тегінің бастығы – 0-ші механикаландырылған бригаданың әуе шабуылына қарсы қорғаныс бастығы, – ШТАБ БАСТЫҒЫ – "ШЫҒЫС" Өңірлік қолбасшылығы Әскерлері қолбасшысының басқармасы Әуе шабуылына қарсы қорғаныс бөлімі Әскер бастығының орынбасары болып, ӘЕМ-0000000

1980 ж. 07.12. туған, қазақ;
2018 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 1998 ж. 19.09. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2023 ж. 09.06.
дейін жасалған;
А-000000;
қызметі бойынша жоғарылату
тәртібінде жоғары лауазымға
тағайындалады;
2021 ж. 09.09. кір. 0000.

2. Подполковник Игілік Қабидоллаұлы ҚАРАСАЕВ, авиациялық оқу-жаттығу орталығы бастығының орынбасары (жауынгерлік даярлық жөніндегі) – 000-ші ұшқыш құрамын даярлау оқу-жаттығу орталығы жауынгерлік және дене шынықтыру дайындығы бөлімінің бастығы, – ОСЫ АВИАЦИЯЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ШТАБ БАСТЫҒЫ – ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП, ӘЕМ-0000000, 0000000

1983 ж. 05.12. туған, қазақ;
2018 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 2000 ж. 24.07. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2023 ж. 09.06.
дейін жасалған;
А-000000;
қызметі бойынша жоғарылату
тәртібінде жоғары лауазымға
тағайындалады;
2021 ж. 02.06. кір. 0000.

Бір әскери қызметшіні лауазымынан босату және тағайындау туралы

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығының басқармасы тыл бас басқармасы бастығының орынбасары подполковник Заңғар Таңатұлы ОМАРОВ атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және ҚОЛБАСШЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ – "ОҢТҮСТІК" Өңірлік қолбасшылығы Әскерлері қолбасшысының басқармасы тылдық қамтамасыз ету басқармасының бастығы болып тағайындалсын, ӘЕМ-0000000

1985 ж. 16.05. туған, қазақ;
2018 ж. МТҚ ӘА;
ҚК-де 2002 ж. 25.07. бастап;

келісімшарт 5 жылға 2023 ж. 30.06.
дейін жасалған;
А-000000;
қызметі бойынша жоғарылату
тәртібінде жоғары лауазымға
тағайындалады;
2021 ж. 06.10. кір. 0000.

Бірнеше әскери қызметшімен бір мерзімге келісімшарт жасау туралы

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес төменде аттары аталған офицерлермен әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін әскери қызмет өткеру туралы **КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН:**

1. Полковник Руслан Қуанышұлы ЖАНСЕЙІТОВПЕН, департамент бастығының орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы Инженерлік әскерлер департаменті инженерлік-техникалық қамтамасыз ету басқармасының бастығы

1976 ж. 05.07. туған, қазақ;
Ц-000000;
2021 ж. 04.05. кір. 0000.

2. Полковник Айбар Сабыртайұлы ҚАЗЫБАЕВПЕН, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаменті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім басқармасының бағыт аға офицері (қосымша білім)

1972 ж. 08.08. туған, қазақ;
У-000000;
2021 ж. 03.06. кір. 0000.

Бірнеше әскери қызметшімен әртүрлі мерзімге келісімшарт жасау туралы

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес төменде аттары аталған офицерлермен әскери қызмет өткеру туралы **КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН:**

КҮНТІЗБЕЛІК БЕС ЖЫЛҒА

1. Полковник Руслан Қуанышұлы ЖАНСЕЙІТОВПЕН, департамент бастығының орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы Инженерлік әскерлер департаменті инженерлік-техникалық қамтамасыз ету басқармасының бастығы

1976 ж. 05.07. туған, қазақ;
Ц-000000;
2021 ж. 04.05. кір. 0000.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕ БОЛУДЫҢ ШЕКТІ ЖАСЫНА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН

2. Полковник Айбар Сабыртайұлы ҚАЗЫБАЕВПЕН, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаменті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім басқармасының бағыт аға офицері (қосымша білім)

1972 ж. 08.08. туған, қазақ;
У-000000;

2021 ж. 03.06. кір. 0000.

Бір әскери қызметшімен келісімшарт жасау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Стратегиялық дамыту департаменті стратегиялық талдау және жобалық әкімшілендіру басқармасының офицері (стратегиялық талдау) подполковник Руслан Газизович УСМАНОВПЕН әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін әскери қызмет өткеру туралы **КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН**

1982 ж. 03.10. туған, татар;

А-000000;

2021 ж. 31.05. кір. 0000.

Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін бір офицермен келісімшарт жасау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес 2022 жылы жиырма төрт айға әскери қызметке шақырылған Түркістан облысы қорғаныс істері департаменті жұмылдыру басқармасы жұмылдыру ресурсын есепке алу және тағайындау бөлімінің офицері (бағдарламалық қамтамасыз ету және жұмылдыру ресурсын автоматтандырылған есепке алу жүйесі жөніндегі) аға лейтенант Азамат Айқанұлы ҚАЙЫРБЕКОВПЕН күнтізбелік үш жылға әскери қызмет өткеру туралы **КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН**

1996ж. 30.04. туған, қазақ;

3-000000;

2021 ж. 24.08. кір. 0000.

Бір әскери қызметшімен келісімшарт жасау және оны қайта тағайындау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы лауазымынан босатылған полковник Айдар Асылханұлы ЕСЕНАМАНОВПЕН әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін әскери қызмет өткеру туралы **КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН** және ол **БАС ШТАБ БАСТЫҒЫ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІ БАС ҚОЛБАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛСЫН, ӘЕМ-00000000**

1977 ж. 12.02. туған, қазақ;

2015 ж. ҰҚУ "ҚК БШ академиясы"

факультеті;

ҚК-де 1995 ж. 01.08. бастап;

Ц-000000;

негіз: ҚР Президентінің 2021 ж. 22.06.

№ 000 өкімі, 2021 ж. 23.06. кір. № 0000.

Бірнеше әскери қызметшіні басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға іссапарға жіберу туралы

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21, 37-баптарына сәйкес төменде аттары аталған офицерлер атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және ауыстыру тәртібінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ӨКІМІНЕ ЖІБЕРІЛСІН:

1. Лейтенант Нұрболат Қайырбекұлы ҒАБИТОВ, 000-ші авиациялық база жойғыш авиациялық эскадрильясы инженерлік-авиациялық қызметінің аға авиациялық технигі

2000 ж. 23.01. туған, қазақ;

2021 ж. ӘҚК ӘИ;

А-000000;

негіз: ҚР ҰҚК Төрағасының 2021 ж.

29.09. шығ. 0000 қолдау хаты;

2021 ж. 29.09. кір. 0000.

2. Лейтенант Жансері Серікұлы САҒЫНҒАЛИ, 000-ші әуе қозғалысын басқару бас орталығы 000-ші әуе қозғалысын басқару орталығының (қосалқы) (Жезқазған қ.) кезекші ауысым бастығы

1994 ж. 18.09. туған, қазақ;

2021 ж. ӘҚК ӘИ;

А-000000;

негіз: ҚР ҰҚК Төрағасының 2021 ж.

29.09. шығ. 0000 қолдау хаты;

2021 ж. 29.09. кір. 0000.

Бір әскери қызметшіні басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға іссапарға жіберу туралы

1. Офицер (жауынгерлік басқару жөніндегі) – 000-ші авиациялық базасының штабы командалық пункті жедел кезекшісінің көмекшісі лейтенант Алдияр Нұрланұлы БЕРДЕНОВ "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21, 37-баптарына сәйкес атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және ауыстыру тәртібінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының ӨКІМІНЕ ЖІБЕРІЛСІН

1996 ж. 20.09. туған, қазақ;

2019 ж. Түркия ҚК ӘӘУ;

А-000000;

негіз: ҚР ҰҚК Төрағасының 2021 ж.

26.07. қолдау хаты;

2021 ж. 11.08. кір. 0000.

Бір әскери қызметшіні басқа мемлекеттік органға іссапарға жіберу туралы

1. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы азық-түлік және техникалық құралды сақтау бөлімінің бастығы лейтенант Әділет Ғабдолманатұлы КӘМЗЕ атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің ӨКІМІНЕ ҚАБЫЛДАНСЫН және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру

қағидаларының 72, 73-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының тізімінде қалдырып, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ІССАПАРҒА ЖІБЕРІЛСІН

1990 ж. 27.07. туған, қазақ;
2012 ж. Қарағанды МТУ;
ҚК-де 2016 ж. 04.11. бастап 2016 ж.
15.12. дейін және 2017 ж. 29.03. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2024 ж. 21.01.
дейін жасалған;
А-000000;
негіз: ИИДМ-ның 2020 ж. 27.08. шығ.
№ 0000 қолдаухаты;
2020 ж. 11.09. кір. 0000.0.

Бір әскери қызметшіні өкімге қабылдау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бригада командирінің орынбасары (жауынгерлік даярлық жөніндегі) – 00-ші десанттық-шабуылдау бригадасы жауынгерлік және дене шынықтыру дайындығы бөлімінің бастығы подполковник Руслан Болатұлы БАЙМАҒАМБЕТОВ атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және басқа лауазымға тағайындалуына байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысының ӨКІМІНЕ ҚАБЫЛДАНСЫН

1982 ж. 28.04. туған, қазақ;
2018 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 2000 ж. 24.07. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2023 ж. 09.06.
дейін жасалған;
А-000000;
2021 ж. 21.08. кір. 0000.

Бір әскери қызметшіні әскери бөлім (мекеме) штатынан тыс ұстап, өкімге қабылдау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бригада командирінің орынбасары (тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі) – 00-ші гвардиялық артиллериялық бригада тәрбие және идеологиялық жұмыс бөлімінің бастығы подполковник Біржан Төлеубекұлы АЗМҰХАМЕТОВ атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және басқа лауазымға тағайындалуына байланысты 00-ші гвардиялық артиллериялық бригаданың штатынан тыс ұсталып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысының ӨКІМІНЕ ҚАБЫЛДАНСЫН

1983 ж. 29.07. туған, қазақ;
2018 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 2007 ж. 10.09. бастап;

келісімшарт 5 жылға 2023 ж. 28.07.
дейін жасалған;
А-000000;
2021 ж. 13.08. кір. 0000.

Бірнеше әскери қызметшіні өкімге қабылдау туралы

Төменде аттары аталған офицерлер атқаратын лауазымынан БОСАТЫЛСЫН және Алматы облысы Іле ауданы және Алатау қаласы біріктірілген қорғаныс істері бөлімінің штатынан тыс ұстап, Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының ӨКІМІНЕ ҚАБЫЛДАНСЫН:

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес басқа лауазымға тағайындалуына байланысты Алматы облысы Іле ауданы және Алатау қаласы біріктірілген қорғаныс істері бөлімінің бастығы подполковник Сұлтанмұрат Сұлтанұлы ҒАППАРОВ

1980 ж. 26.03. туған, татар;
2002 ж. Алматы МУ жанындағы ӘД;
ҚК-де 2011 ж. 25.05. бастап;
келісімшарт шекті жасқа толғанға
дейін жасалған;
Ц-859242;
2024 ж. 12.11. кір. 14-4-55796.

2. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әскери қызметшіге қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылуына не қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасының қолданылуына байланысты Алматы облысы Іле ауданы және Алатау қаласы біріктірілген қорғаныс істері бөлімі әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс бөлімшесінің бастығы майор Сырман Дәуренұлы ЕЛЕМЕСОВ

1989 ж. 17.10. туған, қазақ;
2012 ж. РЭБӘИИ;
ҚК-де 2007 ж. 01.08. бастап;
келісімшарт шекті жасқа толғанға
дейін жасалған;
А-066191;
негіз: Алматы қаласы
мамандандырылған ауданаралық
тергеу сотының 2024 ж. 11.11.
№ 7595-24-00-2-3м/10962 қаулысы;
2024 ж. 12.11. кір. 14-4-55796.

Өкімде тұрған бір әскери қызметшіні тағайындау туралы

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлері бас қолбасшысының өкімінде тұрған майор Самат Жақыпбекұлы ҚАПШЕВ, БРИГАДА КОМАНДИРІНІҢ

ОРЫНБАСАРЫ (ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЯРЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ) – 0-ші
МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН БРИГАДА ЖАУЫНГЕРЛІК ЖӘНЕ ДЕНЕ
ШЫНЫҚТЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ БОЛЫП, ӘЕМ-0000000

1987 ж. 17.05. туған, қазақ;
2021 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 2004 ж. 01.08. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2026 ж. 12.06.
дейін жасалған;
А-000000;
2021 ж. 17.08. кір. 0000.

Өкімде тұрған бірнеше әскери қызметшіні тағайындау туралы

Төменде аттары аталған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық
әскерлері бас қолбасшысының өкімінде тұрған офицерлер ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:

1. Подполковник Еркін Тұрсынбекұлы АҢСАБАЕВ, – ШТАБ БАСТЫҒЫНЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ – ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ИНСТИТУТЫ ШТАБЫ
ПЕРСОНАЛМЕН ЖҰМЫС БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ БОЛЫП, ӘЕМ-0000000, 0000000

1980 ж. 18.02. туған, қазақ;
2002 ж. ЖӘУ бағдарламасы бойынша
ҚР ҚК ӘА;
ҚК-де 1998 ж. 01.08. бастап;
келісімшарт жекті жасқа толғанға дейін
жасалған;
Ц-000000;
2021 ж. 22.07. кір. 0000.

2. Майор Дәулет Мәдениетұлы СЕКЕНОВ, – ШТАБ БАСТЫҒЫ – 0-ші
ШАБУЫЛДАУ БРИГАДАСЫ КОМАНДИРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ БОЛЫП, ӘЕМ-
0000000

1986 ж. 17.06. туған, қазақ;
2021 ж. ҰҚУ;
ҚК-де 2001 ж. 01.08. бастап;
келісімшарт 5 жылға 2026 ж. 12.06.
дейін жасалған;
А-000000;
2021 ж. 15.07. кір. 0000.

Запастағы бірнеше офицерді келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау және
әртүрлі мерзімге келісімшарт жасау туралы

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес төменде аттары аталған запастағы
офицерлер келісімшарт бойынша әскери қызметке ҚАБЫЛДАНСЫН, әскери қызмет
өткеру туралы КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН және ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:

КҮНТІЗБЕЛІК ҮШ ЖЫЛҒА:

1. Лейтенант Алмас Сырымұлы АЙТБЕКОВ, – ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘУЛИЕКӨЛ ЖӘНЕ НАУРЫЗЫМ АУДАНДАРЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ

ЖӨНІНДЕГІ БІРІКТІРІЛГЕН БӨЛІМІ ЖАСАҚТАУ ТОБЫНЫҢ БАСТЫҒЫ БОЛЫП,
ӘЕМ-000000

1996 ж. 20.08. туған, қазақ;
2017 ж. Қазақ МЗИУ жанындағы ӘД;
ҚК-де қызмет өткермеген;
А-000000;
Абай облысы Семей қаласының ҚІБ-да
есепте тұр;
0000 ж. 00.00. кір. 00.

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕ БОЛУДЫҢ ШЕКТІ ЖАСЫНА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН:

2. Аға лейтенант Айдос Серікқалиұлы ИСАЕВ, – ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫ
БАСТЫҒЫНЫҢ КӨМЕКШІСІ (ҚАРЖЫ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ) – ЖАУЫНГЕРЛІК
ДАЯРЛЫҚ ЖӘНЕ ҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТТАРЫН ЖАУЫНГЕРЛІК
ҚОЛДАНУ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫҒЫ
БОЛЫП, ӘЕМ-0000000

1986 ж. 23.06. туған, қазақ;
2007 ж. Жетісу МУ;
ҚК-де 2007 ж. 26.06. бастап 2008 ж.
16.06. дейін және 2009 ж. 18.09. бастап
2020 ж. 13.01. дейін;
А-000000;
Жетісу облысы Талдықорған
қаласының ҚІБ-да есепте тұр;
0000 ж. 00.00. кір. 00.

Запастағы бірнеше офицерді келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау және
бір мерзімге келісімшарт жасау туралы

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес төменде аттары аталған запастағы
офицерлер келісімшарт бойынша әскери қызметке ҚАБЫЛДАНСЫН, күнтізбелік үш
жылға әскери қызмет өткеру туралы КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН және
ТАҒАЙЫНДАЛСЫН:

1. Лейтенант Нұрланбек Әбуәліұлы ИСАЕВ, – АТЫРАУ ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ
ПОЛИЦИЯ БӨЛІМШЕСІНІҢ УӘКІЛЕТТІ ОФИЦЕРІ БОЛЫП, ӘЕМ-0000000

1995 ж. 09.11. туған, қазақ;
2018 ж. Оңтүстік Қазақстан МА
жанындағы ӘД;
ҚК-де қызмет өткермеген;
З-000000;
Шымкент қаласы Еңбекші және
Қаратау аудандарының ҚІББ-да есепте
тұр;
2021 ж. 14.09. кір. 0000.

2. Лейтенант Ұлан Серікұлы МҰҚАШ, – РЕЗЕРВТЕГІ 00-ші
МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН БРИГАДА МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІНІҢ АВТОМОБИЛЬ ҚЫЗМЕТІ БАСТЫҒЫ БОЛЫП,
ӘЕМ-0000000

1996 ж. 11.09. туған, қазақ;
2019 ж. Қазақ ҰАУ жанындағы ӘД;
ҚК-де қызмет өткермеген;
3-000000;
Абай облысы Аягөз қаласының
ҚІББ-да есепте тұр;
2021 ж. 29.09. кір. 0000.

Запастағы бір офицерді келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау туралы

1. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37, 40-баптарына сәйкес лейтенант Ержан Көбейұлы ИМАТАЕВ келісімшарт бойынша әскери қызметке ҚАБЫЛДАНСЫН, күнтізбелік үш жыл мерзімге әскери қызмет өткеру туралы КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛСЫН және ОРТАЛЫҚ ЖӨНДЕУ-ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БАЗАСЫ ЖӨНДЕУ-ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БАТАЛЬОНЫ ҚАРУ-ЖАРАҚТЫ ЖӨНДЕУ РОТАСЫ РАДИОЛОКАЦИЯЛЫҚ СТАНЦИЯЛАРДЫ, ҚҰРАЛДАР МЕН ОПТИКАНЫ ЖӨНДЕУ ВЗВОДЫНЫҢ КОМАНДИРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛСЫН, ӘЕМ-0000000

1999 ж. 24.05. туған, қазақ;
2019 ж. Қазақ ҰТЗУ жанындағы ӘД;
ҚК-де қызмет өткермеген;
А-000000;
Алматы қаласы Әуезов ауданының
ҚІБ-да есепте тұр;
2021 ж. 01.10. кір. 0000.

Запастағы бір офицерді әскери атағында қайта аттестаттау және келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдау туралы

